

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Нұрданәлі Ұлзира

ЖШС «SIMEX LTD» кәсіпорнында СТ РК ISO 9001-
2016 сәйкес СМЖ элементтерін жасау

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

КОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ


«СС және МЖТ»

кафедрасының меңгерушісі

техн.ғыл.канд.

Альпеисов А.Т

08 2019 ж.



ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: ЖШС «SIMEX LTD» кәсіпорнында СТ РК ISO 9001-
2016 сәйкес СМЖ элементтерін жасау

5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)»

Орындаған:

Пікір беруші
техн.ғыл. магистрі,
«Eurasian Foods Corporation» АҚ
Көлік тасымалдау бойынша
менеджер

Марзимова А.Е.

Нұрданәлі Ұ.

Ғылыми жетекші



«Amanat-global» ЖШС директоры
Орынғалиева С.Ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы» кафедрасы

Мамандығы: 5B073200 – «Стандарттау, сертификаттау және метрология
(сала бойынша)»

БЕКІТЕМІН

«СС және МЖТ»

кафедрасының меңгерушісі

 Техн. ғыл. канд.

Альпеисов А.Т

“ 06 ” 11 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Нұрданәлі Ұлзира

Тақырыбы: ЖШС «SIMEX LTD» кәсіпорнында СТ РК ISO 9001-
2016 сәйкес СМЖ элементтерін жасау

Университет Ректорының 2019 жылғы “06” 11 1870 № 15/б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы “15” маусым

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: лексика құжаттары

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Сапа менеджментінің негізгі элементтерін таныту

б) Сапа менеджментінің енгізуге қажетті құжаттарды таныту

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

Дипломдық жұмыс материалдары 11 слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 13 атаудан тұрады

Дипломдық жұмысты дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорыны жайлы толық мағұлмат	05.03.2019ж	Орындалады
«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорынына СМЖ-сін ендіру	28.03.2019ж	Орындалады
СМЖ-сін мекемеге енгізудің артықшылығы	17.04.2019ж	Орындалады

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған
қолтаңбалары

Бөлім атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	техн.ғыл. магистрі, ассистент Муртазина Б.Т.	14.05.19.	Муртазина

Ғылыми жетекші:



Орынғалиева С.Ж.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы:



Нұрданәлі Ұ.

Күні:

" 11 " 02 2019ж.

АНДАТПА

Дипломдық жұмыстың мақсаты: «SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорынның даму жағдайын қарастыра отырып, мекемедегі сапа менеджмент жүйесінің элементтеріне талдау жасау.

Дипломдық жұмыс СМЖ-не талдау жүргізуге, жұмыс тәжіриберлерін қарастыра отырып, СМЖ нәтижесі мен артықшылығын зерттеуге арналған. СМЖ элементтері стандартқа сәйкес талдау жүргізілді.

Дипломдық жұмыс 3 бөлім, кіріспе, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардан тұрады. Жұмыс 34 беттен, 1 кесте, 2 сурет және 3 қосымшадан тұрады.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломной работы: проанализировать элементы системы менеджмента качества предприятия ТОО» SIMEX LTD", рассматривая состояние развития предприятия.

Дипломная работа предназначена для проведения анализа СМК, изучения преимуществ и результатов СМК с рассмотрением опыта работы. Проведен анализ элементов СМК в соответствии со стандартами.

Дипломная работа состоит из 3 разделов, введение, Заключение, Список использованной литературы и приложений. Работа состоит из 34 страниц, 1 Таблица, 2 рисунка и 3 приложения.

ANNOTATION

The purpose of the thesis: to analyze the elements of the quality management system of the enterprise LLP" SIMEX LTD", considering the state of development of the enterprise.

The thesis is designed to analyze the QMS, study the benefits and results of QMS with consideration of experience. The analysis of the elements of the QMS in accordance with the standards.

Thesis consists of 3 sections, introduction, Conclusion, List of references and applications. The work consists of 34 pages, 1 table, 2 figures and 3 annexes.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорыны жайлы толық мағұлмат	9
2	«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорынына СМЖ-сін ендіру	11
2.1	Сапа менеджмент жүйесі	11
2.2	СМЖ-ның негізгі талаптары	12
2.3	СМЖ-сін енгізуге қажетті құжаттамалар	13
2.4	Сапа бойынша басшылық	17
2.5	Сапа саласындағы саясат	20
2.6	Сапа саласындағы мақсаттар мен міндеттер	22
2.7	Ішкі аудит	23
3	СМЖ-сін мекемеге енгізудің артықшылығы	26
3.1	Мекемеге СМЖ-сін енгізгеннен кейінгі мекеменің жағдайы	26
3.2	Сапа менеджмент жүйесін үнемі жақсарту	27
	Қорытынды	29
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	30
	А қосымшасы	31
	Б қосымшасы	33
	В қосымшасы	34

КІРІСПЕ

Сапа менеджментінің жүйесі - әлем мойындаған және кез-келген ұйымды басқару құрудың тиімді құралы. Бүгінгі таңда Сапа менеджменті жүйесін ИСО 9000:2000 сериялы халықаралық стандарттар талабына сәйкестендіріп жасау және сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

9000 сериялы ИСО стандарттары тұтынушы талаптарын қанағаттандыратын тауар мен қызмет өндірісін ұйымдастыру жөніндегі дамыған елдердің жинақталған тәжірибесінің көрінісі болып саналады. Бұл стандарттардың ережелерін кәсіпорында орындау дегеніңіз -өндірілетін өнімнің сапасын жұрт мойындаған кепілдікпен қамтамасыз ету.

Жұмыстарды арнайы құрылған бөлімше - Сапа кепілдігі басқармасы жүргізеді. Сапа менеджменті жүйесінің әдістемесі мен тәсілдері компания құрылымын өзгерту және ағымдағы үдерістерді жеңілдету мен жақсарту кезінде қолданылды. Сапа менеджменті жүйесін жасақтау тұсында компания өз қызмет аясының түрлі салаларын басқаруды жетілдіріп, ол өз кезегінде жаңа үдерістерді, құжаттардың жаңа үлгілерін жасау мен қолданысқа енгізу ісінде көрініс табады.

Дамыған елдердің жүз мыңдаған тауар өндірушілері өз қызметтерін осы нормаларға сәйкестендіреді. ТМД елдеріндегі олардың саны бірнеше онмен ғана саналады, алайда халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеуге ұмтылыс қарқын алып келеді.

Сапа менеджменті анықтамасын қарастыру үшін ұйымды басқару дегеніміз не дегенді жалпылама түрғыда бейнелеп алған пайдалы.

Барынша қарапайым түрде айтқанда басшылық дегеніміз мақсаттарға қол жеткізу жолында ресурстарды ұйымдастыру, бақылау және басқару.

Оны неғұрлым дәлірек ұйымның мақсаттары мен міндеттерін, басшылықтың саясатын айқындау және алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін сол саясатты басқару жүйесіне енгізу ретінде бейнелеуге болады.

Кәзіргі таңда республикамыздың барлық меншік құрылым ұйымдарының алдында өте маңызды болып бәсекелестікте күресу сұрағы тұр және оның салдары болып компанияның әрі-қарай қызмет атқаруы. Бүгін тек біздің облысымыздың емес, республика бойынша барлық кәсіпорындары бәсекелестік жағдайда жұмыс атқарып келеді, және әрі-қарай бәсекелестіктегі күресуі тек күшейе береді, бұған күмән жоқ.

Кез келген ұйымның оның шеңберінде, қызмет үрдісінде, еңбек, материалдық, қаржы және т.б. ресурстарында ұйымдық құрылымы, өкілеттік пен жауапкершілік жиынтығын ұсынатын менеджмент жүйесі бар. Ұйым мақсаттарына қол жеткізу үшін осы барлық құрамдас біріктіріліп бір-бірімен іс-қимыл жасайды. Осылайша, компания басшылығымен мазмұндалған, менеджмент жүйесі мақсаттарға қол жеткізу құралы болып табылады. Менеджмент жүйесін неғұрлым белгілі өкілдерінің бірі, ISO халықаралық стандарттарында оларға қойылатын талаптары бекітілген, сапа менеджменті жүйесі болып табылады. Сапа менеджменті жүйесі – өнімнің

сапасын үнемі арттыруға, тұтынушылардың қанағаттанушылығына және ұйым қызметінің тиімділігіне бағытталған сапалы басқару жүйесі. Сапа менеджменті жүйесі сапа кепілгерін қамтамасыз етуге және де тұтынушылардың қанағаттанушылық кепілі болатын, тұтынатын тауарлардың сипаттамалары мен қасиеттерін жақсарту үшін мүмкіншілік беруге қабілетті. Бүгінгі күнде ISO халықаралық стандарттар арасында, сапа менеджменті жүйесіне қойылатын талаптарды айқындайтын ISO 9000 сериясының стандарттары ерекше орын алады. ИСО 9000 халықаралық стандарттар сериясы бойынша сапа менеджменті жүйесін сертификаттау барлық жерде тапсырыс беруші мен жеткізуші арасындағы қарым-қатынас бастамасы түрінде міндетті шарт болып табылады және өркениетті сауда кеңістігінде мойындауын білдіреді. Ұлттық сертификаттау жүйесінде (ҚР СТ), ИСО 9000 сериясына кіретін стандарттар ҚР СТ ИСО 9000-2007, ҚР СТ ИСО 9001 – 2016, ҚР СТ ИСО 9004 – 2010 деп аталады. Бүгінгі таңда сертификатталған СМЖ болуы міндетті қажеттілік болады, себебі бұл кейбір тапсырыс берушілермен шарт жасау кезінде, іс жүзінде және көптеген тендерлерге қатысу үшін қойылатын талаптар. Ерікті СМЖ сертификаттау өндірушілер үшін біртіндеп қажеттілік болып, міндеттіге айналып келе жатыр.

Сапа менеджмент жүйесін (СМЖ) енгізуі ұйымның қызмет көрсету тиімділігін және сапасын жоғарылатуына, қоғамдық сенуі дәрежесін, қызмет процесстерін стандарттауына, қабылданған шешімдерінің сапасына кепіл беруіне және ашық етуіне қамтамасыз етеді.

1 «SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорыны жайлы толық мағлұмат

«SIMEX LTD» - ірі құрылыс компаниясы және Қазақстанды салушы, құрылыс нарығында 2014 жылдан бері жұмыс жасайды және Қазақстанның құрылыс индустриясында бастаушысының жоғарғы атағына ие.

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорнының саясаты:

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорнның негізгі саясаты кәсіпорнның бизнес жүргізу корпоративтік тәртіп кодексін жасайды. «SIMEX LTD» компаниясының қағидаттары барлық қызметкерлерімен сақталынады және компанияның іскери қатынастарын серіктестер және клиенттермен бағытталады.

Компанияның қағидаттары:

- Клиенттік хабардар сервисі

Компания өзінің клиенттерімен олардың қажеттіліктерін анықтау үшін белсенді араласады. Компанияның клиенттермен жеке талқылау барысында, серіктестік қызметтесудің бар үдерісі бойы өзінің тәжірибесі мен кәсіптілігін көрсетеді.

Компания өз клиенттеріне олар үшін арнайы жасалған ғимарат құрылысынан бастап пайдалануға дейінгі барлық үдерістің кешенді қызмет көрсету жүйесін ұсынады.

- Табысты қызметкерлер

Компания өзінің нәтижелерінің орнықты және тұрақты жетілдірілуіне бағдарланған.

Компания үздіксіз кәсіби білім беруге үлкен мән береді және де адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, осы қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оларда жоғарғы кәсіби дағдының бәрі және ресурстары бар екендігін кепілдейтін корпоративтік мәдениетке сенеді.

- Орнықтылық

Компания орнықты өсуіне сенеді және қоршаған орта мен қоғамға деген қарым-қатынаста өзінің жауапкершілігін мойындайды. Компания өзінің этикалық қағидаттарына берілген және де бизнесті адал жүргізуде ықпал етуге барлық мүмкіндікті жасауда. Компания мүмкіндіктер теңдігіне сенеді және әр жұмысшы мен қызметкерді мадақтау және қолдау үшін жұмыс жасайды. Компания денсаулық пен қауіпсіздікті қорғау үшін барлық шараларды жылжытуда. Солай компания адам денсаулығын күзетуде болып, бақытсыз жағдайлардың болмау қауіптілігін азайтады.

- Табысқа бағдарлану.

Клиенттер мен серіктестердің компанияға деген құрметтерін қолдап, компанияны стратегиялы және шұғыл дамытуда. Компания өзінің кірістерін жаңашылдық арқылы көбейтіп және компанияның болашағын қорғап жатыр.

Компания ішіндегі және солай оның сыртындағы құнды және ашық қатынасқа сенеді және бизнесті таза жүргізуге ұмтылуда.

Компанияның құндылығын жоғарлату мақсатында жалпы іс жүргізеді және компанияға артылған келісімдерді бар жауаптылықпен жасайды.

Компания қызметінің негізгі бағыттары құрылыс, қызмет көрсету, аумақты көгалдандыру бойынша жұмыстарды орындау болып табылады. Жұмыстың басты қағидаттары тапсырыс берушілер мен іскер серіктестер алдындағы міндеттемелерді сапалы, уақтылы орындау болып табылады.

Құрылыстың жоғары қарқыны мен құрылыс материалдарының өндірісі үшін ресурстардың болуы құрылыс материалдарының рыногын қалыптастырудың негізгі алғышарты болып табылады. Сондай-ақ саланың дамуына тұрғын үй құрылысы үшін және басқа да оларды кезеңдік қалпына келтіру, қайта жаңғырту үшін тұрмыста үй шаруашылығы құрылыстарына қажетті құрылыс материалдарына тұрғындардың қажеттілігі, сондай-ақ халық шаруашылығы кешенінің кәсіпорындар, офистер, өндірістік кешендер салу әрі мемлекеттік және қоғамдық қордың тұрғын ғимараттарын, әкімшілік, мәдени-тұрмыстық ғимараттарды, өнеркәсіптік, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу үшін құрылыс материалдарына қажеттілігі саланың дамуына айтарлықтай әсер етеді[1].

Бүгінгі күні халықаралық сапа менеджменті жүйесін ендіріп жатқан кәсіпорындар саны артып келеді. 2014 жылдың басынан бері 9 кәсіпорынға ИСО 9000-14000 халықаралық сапа стандарттары мен экологиялық менеджмент жүйелері енгізілді. Қазіргі таңда 35 кәсіпорын халықаралық сапа стандарттары мен экологиялық менеджмент жүйелеріне сәйкес жұмыс жасауда, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 21,2 пайызға артып отыр[2].

Соңғы жылдары сәулет, құрылыс және қала құрылысы саласы құрылыс материалдарының жаңа технологиясын пайдалану, анықтамалық-ақпараттық және нормативтік құжаттарды енгізу арқылы жоғарғы қарқынмен дамып келеді. Қызылорда облысындағы құрылыс материалдарының өнеркәсібі құрамына 59-ға тарта кәсіпорын кіреді, бұл ретте олардың 13-і орта, ал қалғаны майда кәсіпорындар болып табылады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі үлесін қарымды және тұрақты сервистік мердігер компаниялар алуда. Облыстың құрылыс индустриясы силикат және күйдірілген кірпіш, кең ассортименттегі темір бетон бұйымдарын, әртүрлі фракциядағы қиыршық тас, асфальтбетон және басқа құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындармен танылған.

Құрылыс саласының дамуы, елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайының арта түсуіне тікелей әсер етеді. Соңғы жылдары облыста құрылыс саласы қарқынды дамып келеді. Биылғы жылы жалағаштықтардың да көкейлерінде жүрген мәселелері оң шешімін тапты. Бірнеше құрылыс нысандары пайдалануға беріліп, жұртшылық үлкен қуанышқа бөленді.

2 «SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорнына СМЖ-сін ендіру

2.1 Сапа менеджмент жүйесі

Сапа менеджментінің жүйесі - әлем мойындаған және кез-келген ұйымды басқару құрудың тиімді құралы. Бүгінгі таңда Сапа менеджменті жүйесін ИСО 9000:2000 сериялы халықаралық стандарттар талабына сәйкестендіріп жасау және сертификаттау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

СМЖ - бұл мекемеде сапа саласындағы мақсаттар мен саясатты қалыптастыру және сол мақсаттарға жету үшін жасалған жүйе. СМЖ басқа жүйе секілді өзінің міндетімен, құрылымымен, элементтер құрамымен және өзара байланысымен сипатталады. кәсіпорынның СМЖ-сы – жоспарлау, басқару, қамтамасыз ету және сапаны жақсарту арқылы сапа саласындағы саясатты іске асыру үшін қажетті ұйымдастыру құрылымының, әдістемелердің, процестер мен ресурстардың жиынтығы.

9000 сериялы ИСО стандарттары тұтынушы талаптарын қанағаттандыратын тауар мен қызмет өндірісін ұйымдастыру жөніндегі дамыған елдердің жинақталған тәжірибесінің көрінісі болып саналады. Бұл стандарттардың ережелерін кәсіпорында орындау дегеніңіз -өндірілетін өнімнің сапасын жұрт мойындаған кепілдікпен қамтамасыз ету.

ИСО 9000 стандарттар топшалары сапа менеджмент жүйелеріне талаптар және өнімдерге талаптар арасына өзгешеліктерді көрсетеді. Сапа менеджмент жүйелеріне талаптар ҚР СТ ИСО 9001 бекітілген. Олар қай категориядағы болмасын өнімнің өнеркәсіптің немесе экономиканың қандай да болмасын секторындағы ұйымдарға жалпы және қолданылатын болып табылады. ҚР СТ ИСО 9001 өнімге қандайда болмасын талаптар бекітпейды.

СМЖ төмендегі талаптарға сай болуы керек:

- өнімге немесе көрсетілетін қызметке тұтынушылар қоятын талаптар қанағатталуы керек;
- проблемалардың (ақаулардың) алдын алу қажет, керісінше болмау керек, яғни ақаулар орын алғаннан кейін анықталмауы керек;
- егер ақаулық немесе талаптарға сәйкессіздік орын алған болса, жүйе олардың табылуын (айқындалуын) қамтамасыз ету керек;
- жүйе табылған ақауды немесе сәйкес келмейтін өнімнің өндіріске немесе тұтынушыға түспеуіне кепілдік беруі керек;
- жүйе өнімнің өндірістің, жүйенің тұрақты және үздіксіз жетілдірілуін қамтамасыз етуі керек.

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорынның СМЖ-сін іске асыруының негізгі мақсаты - сапалы жұмыс деңгейіне қол жеткізу және қолдау, нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетін тапсырыс берушілердің және жұмыс істейтін ұйымдардың талаптарын қанағаттандыру. Сондай-ақ персоналдың кәсіби және жалпы білім деңгейін арттыру, Ұйымның экономикалық жағдайын және қызметкерлердің қаржылық тәуелсіздігін жақсарту, өзін-өзі ұйымдастыру,

өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру технологияларын енгізуге мүмкіндік береді.

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорнына СМЖ-сін ендірудің ерекшеліктері:

- қызығушы жақтардың қажеттіктерін есепке ала отырып ұйымның нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсарту;
- кез келген жағдайда өнімнің сапалы шығуына ұмтылыс жасау;
- өндірісте өнім сапасына ұдайы жақсартуды қамтамасыз ету;
- алдыңғы жыл көрсеткіштеріне қатынасы бойынша өнімнің деңгейін қадағалау;
- өнім шығаруда ұйымның нәтижелілігі мен тиімділігін үнемі жақсарту үшін әзірленген менеджмент жүйесін үнемі жұмысшы қалыпта ұстау.

СМЖ-ның міндеті - СМЖ көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге және осы сапаны тұтынушылардың сұранысына икемдеуге арналған жүйе. Сонымен қатар СМЖ-ның басты мақсаты-әрбір қызметті жеке бақылау емес, қызмет сапасының төмендеуіне себеп болатын қателерді болдырмайтын жүйені жасау.

2.2 СМЖ-ның негізгі талаптары

СМЖ-ның атқаратын негізгі міндеттері келесілер болып табылады:

- СМЖ дайындау және жүргізу кезінде талап етілетін деңгейді және сапаны бақылауды қамтамасыз ету;
- тапсырыс берушілер мен пайдаланушы ұйымдардың талаптарын, сапаға оңтайлы шығындарды ескере отырып, жұмыстарды ұсыну бойынша қажеттілікті айқындау және міндеттемелерді қалыптастыру;
- Орындалатын жұмыстардың жүзеге асырудың барлық циклі процесінде берілген талаптарға кез келген сәйкессіздіктедің пайда болуының алдын алу;
- қанағаттанарлықсыз компоненттерге, шикізат пен материалдарға, қайта өңдеуге, өндірістік шығындарға, объектілерді пайдалану қауіпсіздігіне, кепілдік міндеттемелерге байланысты шығындарды төмендету;
- кірістерді көбейту, қызмет көрсету нарығын кеңейту;
- тапсырыс берушіге тапсырылған объектілердің қасиеттері үшін тұтынушы алдында персоналдың жеке жауапкершілігін белгілеу;
- еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану.

СМЖ қызметінің негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- СМЖ ұйымның ұйымдық құрылымын үйлестіру және өзара байланыстыру, көп деңгейлі өндірістік қызметті басқару бірлігі;
- жұмыс сапасын қамтамасыз етуге әсер ететін қызметтің әрбір түрі бойынша жауапкершілік пен өкілеттіктерді нақты бөлу;

- сапа саласындағы саясатты анықтау үшін ұйым басшылығының жауапкершілігі;
- жұмыс сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және жалпы басшылық ету;
- жұмыстың сапасына әсер ететін барлық факторлар мен шарттарды кешенді есепке алу және ұйым басшылығынан бастап жұмыстарды жоспарлаудың, дайындаудың, жүргізудің және бағалаудың барлық сатыларында жұмыстарды жеке орындаушыларға дейінгі барлық деңгейлер бойынша басқару процестерін ұйымдастыруға жүйелік көзқарас;
- үдерістік тәсілдің ақпараттылығы, көрсеткіштер, Өнім сипаттамалары мен оларды қамтамасыз ететін қызметкерлер арасындағы сілтемелері бар орындалған көлем мен сапалы өнім;
- «Мердігердің келісімшарттарды жүзеге асыру бойынша ай сайынғы есептері» бөлімінде толық және сенімді ақпаратты көрсету;
- сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың басымдығы және персоналдың экономикалық орындылығы мен даму перспективасын ескере отырып, оларды жүргізуге арналған шығындарды айқындау;
- орындалған жұмыстардың көлемі мен сапасы, жүргізілетін жұмыстардың сапасын қамтамасыз ету және басқару туралы рәсімдерді құжаттық рәсімдеу және автоматтандырудың прогрессивті технологияларын енгізу;
- СМЖ барлық талаптарын және оның ұйымда жұмыс істеу тиімділігін түсінуді қамтамасыз ету.

СМЖ кәсіпорынның педагогикалық, ғылыми, тәрбие, әкімшілік, шаруашылық секілді қызмет салаларын қамтиды. Көрсетілген салалар өзара байланыста болады және көп жағдайда бір-бірімен қиылысады.

СМЖ-ның қызмет етуі барлық персоналды қатыстыру арқылы жүзеге асады, ал жоғары басшылық сапа саласындағы мақсаттарға жету үшін толық жауапкершілікті өзіне алады.

СМЖ-ға әкімшілік тарапынан ықпал ету нақты көрсеткіштер бойынша процестерді басқаруға негізделген. Оның негізгі мақсаты – процесті үздіксіз жақсартуды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау. Сонымен қатар процесс сапасының өзгерістерін бағалау критерийлері негізінде жүзеге асады.

2.3 Сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасы

Сапа менеджмент жүйесінің құжаттамасы келесілерден тұруы тиіс:

- сапа саласындағы саясат және мақсаттар туралы құжатталып рәсімделген өтініштерден;
- сапа жөніндегі жетекшіліктен;
- ИСО 9001 стандартпен талап етілетін құжатталған процедуралардан;

- жұмыс және оның процестерін басқаруды тиімді жоспарлауды қамтамасыз ету үшін ұйымға қажетті құжаттардан;

- ИСО 9001 стандартпен талап етілетін жазбалардан тұруы керек.

СМЖ құжаттамасының негізгі мақсаттары: ақпараттандыру, сәйкестік дәлелдері, білімдермен алмасу.

Бұл құжаттамалардың құрамына кіретін негізгі құжаттар:

- СМЖ құжаттарының тізбесі;

- Сапа саласындағы саясат;

- Сапа бойынша басшылық; құжатталған үрдістер;

- Жұмысшы, қызметтік нұмқаулар, бөлімшелер туралы ережелер;

- Жұмысты жоспарлау тиімділігін қамтамасыз ету және сапа туралы

білімді, процестерді бақылау үшін құжаттар.

ИСО 9001 стандарты келесі міндетті құжаттардың 6 процедуралары барын белгілейді:

- құжаттарды басқару;

- жазбаларды басқару;

- ішкі аудиттер;

- сәйкессіз өнімдерді басқару;

- түзетуші әрекеттер;

- ескертуші әрекеттер.

ИСО 9001 стандарттының талабына сай сапа менеджмент жүйесінің құжатталуы мына мақсатта әзірленуі керек:

- сапаға қойылатын талаптарды нақты бекіту және жасалатын жұмыстарды қамтамасыз ету;


- өнім сапасын және жүйенің қызметі туралы мәліметтерді жиі тексеріп, бекіту;

- өнімдердің және сапаны қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау және сәйкестендіру;

- ұйымның жүйе бойынша жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіру;

- сапа аумағында жұмыстардың дұрыс орындалуын байқау.

Әрбір кәсіпорынның ұйымдық құқықтық негізін СМЖ құжаттары құрайды. Ондай құжаттарға мыналарды жатқызуга болады: кәсіпорында қолданылатын нормативтік, техникалық, басқарушы және пайдаланылатын басқа да құжаттар түрлері. СМЖ құжаттамалық жүйесі төмендегі 1 суретте көрсетілген.



1 Сурет - СМЖ құжаттамасының құрылымы

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорынның Құжаттамалық рәсімделген сапа менеджменті жүйесі үш деңгейден тұрады:

1) *Сапа жөніндегі басшылық*

«SIMEX LTD» ЖШС кәсіпорында сапаны қамтамасыз етудің жалпы қағидалары мен философиясын қамтиды.

2) *Ұйым стандарттарының жиынтығы*

Жұмыстың сапасына және персоналдың даму перспективасына әсер ететін басқарудың көп буынды құрылымының барлық қызметін егжей-тегжейлі сипаттайтын ұйым стандарттарынан тұрады.

Стандарттар нақты анықталады:

- қызмет мақсаты;
- оны орындаумен айналысатын персонал;
- жауапкершілік және міндеттер;
- қызмет уақыты, тексерілетін параметрлер және деректерді тіркеу тәсілдері.

3) *Жұмыс құжаттамасы, ережелер, нұсқаулықтар*

Өндірістік процестерді қоса алғанда, басқарудың көп буынды құрылымының өзара қарым-қатынас технологиясына, сапаға әсер ететін қызметке қатысты егжей-тегжейлі ақпаратты, құжаттаманы қамтиды.

Бұл деңгейдегі құжаттар «SIMEX LTD» ЖШС құрылымдық бөлімшелерінде, филиалдарында және орталық аппаратта (ОА) болады. Сапа менеджменті жүйесінің құжаттарын тарату, сақтау және жаңарту сапа қызметінің қызметкерлері үнемі басқарылады және бақылайды.

Сапа менеджмент жүйесінің құжаттамасына негізгі талаптар 2 суретте келтірілген.



2 Сурет - Сапа менеджмент жүйесінің құжаттамасына негізгі талаптары

Қарастырылған талаптардың біреуі орындалмаған жағдайда сапа менеджмент жүйесінің құжаттамасының тиімділігін төмендетеді.

Бірінші этапта сапа менеджментін құруды регламенттейтін құжаттар әзірленеді. Бұл құжаттаманы базалық құжат ретінде қарастыру керек. Базалық құжаттама сапа бойынша жалпы жетекшіліктен, сондай-ақ сапа менеджмент жүйесінің жеке элементтеріне қатысты жалпы ұйымдық және жалпы әдістемелік құжаттардан тұрады. Сапа бойынша басшылық сапа менеджмент жүйесінің негізін қалайтын құжат ролін ойнайды, және оның жұмысшы жағдайында анықтамалық материал қызметін атқарады⁷

2.4 Сапа бойынша басшылық

Сапа бойынша басшылық (Quality Manual) бірінші деңгейдің құжаты болып табылады. Бұл құжатта сапа саласындағы саясат баяндалады және ұйымның сапа жүйесі сипатталады. Сапа бойынша басшылық сапа жүйесінің негізін қалайтын құжат ретінде роль ойнайды және оның жұмысшы қалпында анықтамалық құжат қызметін атқарады.

Сапа бойынша басшылықта кәсіпорынның ИСО стандартының әрбір ережесі бойынша сәйкестікке қалай қол жеткізетіндігін көрсетіледі. Бұл құжаттың көлемі артып кетпеу үшін онда бекітілген және қолданыстағы құжаттарға сілтемелер беріледі. Сапа бойынша басшылықтың формасы оған өзгерістерді оңай енгізуге болатындай етіп таңдалады.

Сапа бойынша басшылық келесі құжаттамалардан тұрады:

- 1) Жалпы ережелер.
- 2) Нормативті сілтемелер.
- 3) Терминдер мен қысқартулар.
- 4) Сапа менеджмент жүйесі.
 - 4.1) Жалпы талаптар.
 - 4.2) Құжаттамаларға талаптар.
- 5) Басшылық жауапкершілігі.
 - 5.1) Басшылық міндеттемесі.
 - 5.2) Тұтынушыға жобалау.
 - 5.3) Сапа саласындағы саясат.
 - 5.4) Жоспарлау.
 - 5.5) Жауапкершілік және ақпарат алмасу.
 - 5.6) Басшылық тарапынан сараптау.
- 6) Ресурстар менеджменті.
 - 6.1) Ресурстармен қамтамасыз ету.
 - 6.2) Адам ресурстары.
 - 6.3) Инфрақұрылым.
 - 6.4) Өндірістік орта.
- 7) Өнімнің өмірлік циклінің процестері.
 - 7.1) Өнімнің өмірлік циклінің процестерін жоспарлау.
 - 7.2) Тұтынушалармен байланысты процестер.
 - 7.3) Сатып алу.
 - 7.4) Кәсіпорын және қызмет көрсету.
- 8) Өлшеу, анализ және жақсарту.
 - 8.1) Жалпы ережелер.
 - 8.2) Мониторинг және өлшеу.
 - 8.3) Сәйкес келмейтін өнімді басқару.
 - 8.4) Ақпараттарды сараптау.

8.5) Жақсарту.

Сапа бойынша басшылық электронды, қағаз жүзінде немесе типографиялық әдіспен алынған бірыңғай құжат сияқты бекітілуі мүмкін. Бөлімдерді бекіту кезінде оның элементтерінің ИСО 9001:2009 стандарты негізіне сай екендігін қадағалау қажет. Сапа бойынша басшылық ИСО 9001 стандарты элементтерінің бірі болып табылады.

1 Кесте - Сапа бойынша басшылықтың ұсынылып отырған тұрғызылуы

Сапа бойынша басшылық бөлімі	Бөлімнің қысқаша мазмұны	СТ ҚР ИСО 9001-2009 Пунктілері
Мазмұны	Сәйкес бөлімдермен қарастырылатын жетекшіліктің барлық бөлімдерінің тізімдері беттері мен бірге келтіріледі.	
Сапа саласындағы саясат	Кәсіпорынның сапа саласындағы Саясаты жазылады	5.1-5.3
Сапа бойынша жетекшілікті тарату және қолдану облысы	Ұйымда және сыртқы пайдаланушылар үшін сапа бойынша жетекшіліктің қолданылу және таратылу саласы туралы мәліметтер келтіріледі.	4.2.2
Кіріспе	Ұйым, өнім, сапа бойынша жетекшілік туралы жалпы мәліметтер келтіріледі	4.2.2
Нормативтік сілтемелер	Сапа бойынша жетекшілікте сілтемелер келтірілген құжаттамалар белгіленулері мен тізімінен тұрады.	
Терминдер, анықтамалар, қысқартулар мен шартты белгіленулер	Қолданылған қысқартулар және шартты белгіленулердің терминдермен бірге анықтамалары келтіріледі.	
Органиграмма	Сапа менеджменті жүйесінің органиграммасы келтіріледі.	

1 кестенің жалғасы

Сапа менеджмент жүйесі	Ажыратулардың қажеттілігін негіздеу және жүйенің құжаттамаланған негізі және құрылымы, процестердің тізбектілігі және өзара әрекетін қоса алғандағы СМЖ көлемінің және әрекет ету саласының суреттемесі келтіріледі.	Бөлім 4
Жоғарғы жетекшіліктің жауапкершілігі және атқарушылығы	Сапа саласындағы мақсаттар және саясаттар құрылымдануы үшін жауапкершілік және олардың процеске дейінгі жазылуы келтіріледі. Сапа саласындағы жоғарғы жетекшіліктің жауапкершілігі және атқарушылығы келтіріледі. Жетекшілік өкілінің жауапкершілігі келтіріледі, олар төмендегілер: - сапа менеджмент процестерінің ұстап тұру және ұстап тұруға; - жоғарғы жетекшілікке есептерді ұсынуға; - тұтынушылар талаптарын ұйым персоналына дейін жеткізуге; - сыртқы ұйымдармен байланысты ұстап тұруға (қажет болған жағдайда)	5.1; 5.3; 5.4.1 5.1; 5.3; 5.4.1 5.5.1; 5.5.3; 5.1-5.4; 5.5.2
Процестер	Сапа саласындағы мақсаттарды жоспарлау, ұйымда СМЖ құру және оны дамытуды жоспарлау. Жетекшілік тарапынан талдау Процестердің қысқаша суреттемесі және оларды суреттеуші құжаттамаларға сілтемелер	5.4.2 5.6 6-8 бөлімдер
Процедуралар	6 бөлімде келтірілген міндетті процедураларға (процестерді суреттеу кезінде мүмкін), сонымен қатар басқа да құжаттамаланған процедураларға сілтемелер келтіру және қысқаша суреттеу	Бөлімдер 4-8

Сапа бойынша басшылық Техникалық реттеу және метрология комитетінің Сапа менеджмент жүйесінің қолдану саласын, сонымен қатар Сапа менеджмент жүйесі процестері арасындағы байланыстар қарым қатынасын,

СМЖ саласында өңделген құжатталған процедураларға сілтемелерді сипаттайды.

2.5 Сапа саласындағы саясат

СМЖ құжаттарын жасау ұйымның сапа саласындағы Саясатын тұжырымдаудан басталады. Сапа саласындағы саясат – бұл ұйымның жоғары басшылықпен ресми түрде тұжырымдалған сапа саласындағы жалпы мақсаттары мен қызмет бағыттары.

Сапа саласындағы саясат ұйымның жалпы даму стратегиясының бөлінбес бөлігі бола тұра, мүдделі жақтардың сенімін ұйым басшылығының өнім сапасына қатысты көзқарастары жүйесін кең түрде көрсету жолымен нығайтуға мүмкіндік береді.

"SIMEX LTD" ЖШС -ның сапа саласындағы саясаты кәсіпорынның барлық жұмысшылары мен жетекшіліктің жалпы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады, стратегиялық маңызы бәсекеге қабілеттілігі мен өндірісті кеңейту мақсатымен көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасын бақылау, жоғрылату және ұстап тұруды үнемі жақсартуға негізделген.

Сонымен, "SIMEX LTD" ЖШС өзінің негізгі мақсаты ретінде қызмет көрсетулер сапасын кәсіпорынның барлық персоналын бұл процеске ынталандыру арқылы үнемі жақсартуды көрсетеді.

